

2025-2029 жылдарға арналған Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы

Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 58-8 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 365 бабы 3 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 тамыздағы № 318 "Қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 23917 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жуалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2025-2029 жылдарға арналған Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жуалы аудандық мәслихатының төрағасы

З. Бурлибаев

Жуалы аудандық мәслихатының
2025 жылғы 22 желтоқсан
№ 58-8 шешіміне қосымша

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ "Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАСЫ 2025-2029ж.ж.

Бағдарлама әзірлеушісі
"Тараз-Эко-Проект" ЖШС
Есимбекова
Г.К.

Б.Момышұлы ауылы 2025 ж.

Мазмұны

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	4
ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ.....	6
КІРІСПЕ.....	8

1. ЖУАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....	9
--	---

1.1 Жалпы жағдай сипаттамасы	
1.2 Қолданыстағы коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін бағалау	
1.2.1 Қалдықтардың жиналуы және бөлек жиналуын, шығару қамтуы	
1.2.2 Тасымалдау.....	
1.2.3 Сұрыптау және қайта өңдеу	
1.2.4 Көмілімге жіберу	
1.3 Жекелеген қалдық түрлерін басқару жүйесін талдау	
1.4 Коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдау бойынша қорытындылар.....	
1.5 Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау	
2. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫ РЕТТЕЙТІН ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА.....	24
2.1 Қалдықтарды басқару саласындағы ҚР саясаты	
2.2 Коммуналдық қалдықтарды ұтымды және экологиялық қауіпсіз басқару жүйесін ұйымдастыруға қойылатын экологиялық заңнама талаптары	
2.2.1 Коммуналдық қалдықтарды басқарудағы жергілікті атқарушы органдардың құзыреті	
2.2.2 Коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесіндегі басқа субъектілердің талаптары мен міндеттемелері	
3. ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	26
3.1 Мақсаттары мен міндеттері	
3.2 Нысаналы көрсеткіштер	
4. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ СӘЙКЕС ШАРАЛАР.....	30
4.1 Аудан халқын қалдықтарды жинау және әкету қызметтерімен толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту шаралары	
4.2 Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру шаралары	
4.3 Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту шаралары (тамақ, құрылыс, көлемді қалдықтар, ЭҚЖО және т.б.)	
4.4 Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көму шаралары	
4.5 Халықтың хабардарлығын арттыру және барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейту шаралары	
5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ.....	40
6. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ МОНИТОРИНГІЛЕУ.....	41
7. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР.....	41

8. КҮТІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР 42

Қосымша 1. Жуалы ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасының көрсеткіштерін айқындау әдістемесі 42

Қосымша 2. Бағдарламаны іске асыру іс-шаралар жоспары 44

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.

ЖК	Жеке кәсіпкер
ЖҚ	"Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасы
ІКҚ	Ірі көлемді қалдықтар
ЖЭК	Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама
КА	Контейнер алаңы
ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
ҚСК	Қоқыс сұрыптау кешені
ХЖТИЖО	"Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ҚР ЭТРМ	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі	Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
ЭЭЖҚ	Электрондық және электр жабдығының қалдықтары
Бағдарлама	Коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы
ЖСҚ	Жобалау-сметалық құжаттама
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚСБҚ	Құрамында сынап бар қалдықтар
ТҚҚ	Тұрмыстық қатты қалдықтар
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТРТПРБ	Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
ЖТ	Жеке тұлға
ҚР ЭК	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
ЗТ	Занды тұлға
ҰЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар
ҚШМ	Қоқыс шығарушы мекеме
ЭТРМ	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.

Биологиялық ыдырайтын қалдықтар-анаэробты немесе аэробты ыдырауға қабілетті қалдықтар, соның ішінде бақша және саябақ қалдықтары, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінің қалдықтарымен салыстырылатын тамақ қалдықтары, макулатура.

Коммуналдық қалдықтар-тұтыну қалдықтары, соның ішінде:

1) қағаз және картон, шыны, металдар, пластмассалар, органикалық қалдықтар, ағаш, тоқыма бұйымдары, орауыштар, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтар, батареялар мен аккумуляторларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, үй шаруашылықтарының аралас қалдықтары мен бөлек жиналған қалдықтары;

2) егер мұндай қалдықтар сипаты мен құрамы жағынан үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас болса, аралас қалдықтар және басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар.

Ірі көлемді қалдықтар-тұтыну және шаруашылық қызметтің (Тұрмыстық техника, жиһаз және басқа) өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан және көлемі бойынша мамандандырылған көлік құралдарында тасымалдау мүмкіндігін болдырмайтын қалдықтары.

Электрондық және электр жабдығының қалдықтары-қалдықтарға жатқызылған, жарамсыз немесе пайдаланудан шыққан электрондық және электр жабдықтары, оның ішінде оның тораптары, бөліктері, бөлшектері.

Тамақ қалдықтары-тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну нәтижесінде пайда болатын тамақ өнеркәсібінің қалдықтарымен салыстырылатын қалдықтар.

Құрылыс қалдықтары - ғимараттарды, құрылыстарды, өнеркәсіптік объектілерді, жолдарды, инженерлік және басқа да коммуникацияларды бұзу, бөлшектеу, реконструкциялау, жөндеу (оның ішінде күрделі) немесе салу процесінде пайда болатын қалдықтар.

Тұрмыстық қатты қалдықтар-қатты күйдегі коммуналдық қалдықтар.

БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ.

Атауы	Жуалы ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексі
Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
Негізгі әзірлеуші	"Тараз-Эко-Проект" ЖШС
Бағдарламаның мақсаты	Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және Жуалы ауданы тұрғындары үшін қалдықтарды жинау және әкету бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру

Бағдарламаның міндеттері	1) аудан халқын қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтермен толық қамтуды қамтамасыз ету үшін коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту; 2) қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру; 3) Ерекше (тамақ, Құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды, электрондық және электр жабдығының қалдықтарын және т. б.) қоса алғанда, коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту; 4) коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету; 5) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша халықтың хабардарлығын арттыру және барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейту.
Күтілетін нәтижелер	коммуналдық қалдықтарды басқару саласында көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсарады; коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау және қайта өңдеу көлемі ұлғайады; коммуналдық қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсері азайтылады; Жуалы ауданы коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы нысаналы көрсеткіштері жақсарады.
Мерзімі	2025 – 2029ж.
Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көлемі тиісті кезеңде Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы іс-шараларды қаржыландыруға жергілікті атқарушы органдарға берілген бюджет қаражатының санына байланысты айқындалады.
Бағдарлама орындаушылары	Жамбыл облысы, Жуалы ауданының әкімдігі; Қоғамдық кеңес; коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, қалпына келтіру және көму жөніндегі субъектілер; мемлекеттік мекемелер; әлеуметтік объектілер; заңды тұлғалар; жеке кәсіпкерлер; ҰЕҰ; халық және т.б. мүдделі тараптар.

КІРІСПЕ.

Коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы-бұл коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдауды және коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған шаралар кешенін қамтитын стратегиялық құжат.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ЭК) 365 - бабына сәйкес аудандардың, аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - ЖАО) коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын (бұдан әрі-бағдарлама) әзірлеуді ұйымдастырады. Бағдарламаны жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Осы бағдарламаны әзірлеу барысында Жуалы ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайына талдау жүргізілді, коммуналдық қалдықтарды басқару секторын дамытудың проблемалары мен перспективалары анықталды және ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жақсарту үшін кешенді шаралар ұсынылды.

Бағдарлама ұлттық стратегиялық, бағдарламалық және тұжырымдамалық құжаттардың басымдықтарын, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленген.

Бағдарламаны іске асыру коммуналдық қалдықтарды басқару саласында көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, коммуналдық қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеу көлемін ұлғайтуға, коммуналдық қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға, Жуалы ауданы коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы нысаналы көрсеткіштерін жақсартуға әкеледі.

1. ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.

1.1 Жағдайдың жалпы сипаттамасы.

Полигон ТҚҚ туралы мәліметтерге шолу. Жуалы ауданы аумағының жалпы ауданы -4,2 мың шаршы шақырым құрайды.

Елді мекендер саны – 49, ауылдық округтер саны-14.

Елді мекендердің тізімі:

Б.Момышұлы ауылы: Б.Момышұлы ауылы

Ақсай ауылдық округі: Қайрат ауылы, Дихан ауылы

Ақтөбе ауылдық округі: Бәйтерек ауылы, Жаңаталап ауылы, Күркіреусу станциясы, Ақтоған ауылы

Билікөл ауылдық округі: Қарабастау ауылы, Дарбаза ауылы, Жылыбұлақ ауылы, Абдықадыр ауылы

Боралдай ауылдық округі: Көлтоған ауылы, Ертай ауылы, Рысбек батыр ауылы

Нұрлыкент ауылдық округі: Нұрлыкент ауылы, Қазбастау разъезі, Түктібай ауылы

Жетітөбе ауылдық округі: Қәріқорған ауылы, Қоңыртөбе ауылы, Қосмұрат ауылы, Майбұлақ ауылы, Тасбастау ауылы, Шыңбұлақ ауылы

Көкбастау ауылдық округі: Теріс ауылы, Бақалы ауылы, Көктөбе ауылы, Қосбөлтек ауылы

Күреңбел ауылдық округі: Күреңбел ауылы, Қаратас ауылы

Қарасаз ауылдық округі: Қарасаз ауылы, Ақбастау ауылы, Жұрымбай ауылы, Қарасу ауылы, Көктас ауылы

Қошқарата ауылдық округі: Қошқарата ауылы, Ақтасты ауылы, Қызтоған ауылы

Шақпақ ауылдық округі: Шақпақата ауылы, Тәттібай Дүйсебайұлы ауылы, Амансай ауылы, Шақпақ станциясы, Ынтымақ ауылы

Қызыларық ауылдық округі: Қызыларық ауылы, Ақтөбе ауылы, Алатау ауылы, Сұрым станциясы, Теріс-Ащыбұлақ ауылы

Мынбұлақ ауылдық округі: Көлбастау ауылы, Талапты ауылы.

Ауданда барлығы 13 тұрмыстық қатты қалдықтар(ТҚҚ) тастау орындары мен полигон бар, олардың ішінде 1 ТҚҚ полигоны "Жуалы Су" МКК-нің теңгерімінде, ауданы - 7,0 га. Аталған полигон Ақсай ауылдық округі Дихан ауылынан батысқа қарай 2250 м қашықтықта орналасқан. Б. Момышұлы ауылын және Ақсай ауылдық округіндегі Қайрат, Дихан, Б. Момышұлы елді мекендерін қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-071-314 "Жуалы Су" МКК бұл аумақта қалдықтарды орналастыру және көму жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді.

Қалған ауылдық округтерде 12 ТҚҚ тастау орындары жұмыс істейді, олардың негізгі сипаттамалары төмендегідей:

1. Ақтөбе ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -1,0 га, Бәйтерек ауылының солтүстік-шығыс бөлігінде, 1000 м қашықтықта орналасқан. Бәйтерек, Жаңаталап, Ақтоған ауылдарын, Күркіреусу станциясын қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-053-368

2. Билікөл ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -1,723га, Қарабастау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1144 метр қашықтықта орналасқан. Қарабастау, Дарбаза, Жылыбұлақ, Әбдіқадыр елді мекендерін қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-013-396

3. Боралдай ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы-2 га, Көлтоған ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 1189 метр қашықтықта орналасқан. Көлтоған, Ертай, Рысбек батыр елді мекендерін қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-022-151

4. Жетітөбе ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -1,5 га, Шыңбұлақ, Майбұлақ, Қосмұрат, Кәріқорған, Тасбастау, Қоңыртөбе елді мекендерін қамтиды. Ең жақын тұрғын үй құрылысы оңтүстік бағыттағы экстремалды бөлу көзінен 2000 м-ден астам қашықтықта орналасқан. Кадастр нөмірі 06-089-038-160

5. Көкбастау ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -1,0 га, Терс, Бақалы, Көктөбе, Қосбөлтек елді мекендерін қамтиды. Ең жақын тұрғын үй құрылысы оңтүстік бағыттағы экстремалды бөлу көзінен 1010 м-ден астам қашықтықта орналасқан. Кадастр нөмірі 06-089-044-560

6. Қарасаз ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -1,5га, Қарасаз, Ақбастау, Көктас, Қарасу, Жұрымбай елді мекендерін қамтиды. Ең жақын тұрғын үй құрылысы Ақбастау ауылынан оңтүстік-батыс бағытта шеткі бөлу көзінен 2375 м астам қашықтықта орналасқан. Кадастр нөмірі 06-089-078-160

7. Қошқарата ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -0,8746 га, Қошқарата ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 1500 метр қашықтықта орналасқан. Қошқарата, Ақтасты, Қызтоған елді мекендерін қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-015-399

8. Қызыларық ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -1,0 га, Қызыларық ауылынан солтүстікке қарай 1737 метр қашықтықта орналасқан. Қызыларық, Ақтөбе,

Алатау, Сұрым станцасы, Теріс-Ащыбулак елді мекендерді қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-085-102

9. Нұрлыкент ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,6 га, Нұрлыкент, Түктібай елді мекендерін, Қазбастау разъезін қамтиды. Ең жақын тұрғын үй құрылысы Нұрлыкент ауылынан 2000 м астам қашықтықта орналасқан. Кадастр нөмірі 06-089-081-837

10. Шақпақ ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 3,0 га, Шақпақата ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 км-ден астам қашықтықта орналасқан. Шақпақата, Т.Дүйсебайұлы, Ынтымақ, Амансай елді мекендерін, Шақпақ станциясын қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-068-620

11. Күреңбел ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 2,0 га, Күреңбел ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1090 м қашықтықта орналасқан. Күреңбел, Қаратас елді мекендерін қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-025-415

12. Мыңбұлақ ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 2,0 га, Көлбастау ауылынан оңтүстік-шығыста орналасқан. Көлбастау, Талапты елді мекендерін қамтиды. Кадастр нөмірі 06-089-090-850

Полигонмен ТҚҚ тастау орындарының экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестігі

Жуалы ауданындағы тұрмыстық қатты қалдықтар тастау орындарымен полигонның қатты басым бөлігі санитарлық және экологиялық талаптарға толық сәйкес келмейді, келесі кемшіліктер байқалады:

- қалдықтарды қабылдау және орналастыру бойынша ресми құжаттардың (экологиялық рұқсат, санитарлық қорытынды) болмауы;
- қоршау мен кіреберіс аймағының толық болмауы немесе қанағаттанарлықсыз күйі;
- тұрмыстық қатты қалдықтар тастау орындарымен полигон аумағында қалдықтарды қабаттап тығыздау және жабу жұмыстары жүйелі жүргізілмейді;

- тұрмыстық қатты қалдықтар тастау орындарының санитарлық-қорғау аймақтары нақты белгіленбеген;

- жаңбыр және еріген сулардың ағуы салдарынан ластану қаупі бар;

- сонымен қатар, тұрмыстық қатты қалдықтар тастау орындарының көпшілігі ескі әдіспен пайдаланылады және экологиялық мониторинг жүргізілмейді.

Бұл өз кезегінде топырақ пен жер асты суларының ластану қаупін арттырады.

Бағдарлама аясында:

- қолданыстағы тұрмыстық қатты қалдықтар тастау орындарымен полигон экологиялық аудитін жүргізу;

- санитарлық нормаларға сәйкес қайта жоспарлау;

- жабдықтау (қоршау, таразы, бақылау посты, дренаж жүйесі);

- экологиялық рұқсат құжаттарын рәсімдеу жоспарланып отыр.

Бұл шаралар ТҚҚ тастау орныдарымен полигонның жұмысын заңдастыруға және қоршаған ортаға кері әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Жуалы ауданының халқы 2025 жылғы 1 маусымға - 53768 адамды құрайды (ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес), соңғы 2 жылдағы халықтың жылдық өсімі-шамамен 2-2,5 %. ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі - ҚР Эгипр) деректеріне сәйкес Қазақстанда жыл сайын 4,5-5 млн.қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ТҚҚ) түзіледі. Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару жыл сайын 3,5-4,0 млн. тоннаны құрайды. ҚР Эгипрінің 2021 жылғы деректеріне сәйкес бүкіл республика бойынша ТҚҚ жинау және әкету қызметтерімен халықтың 82%-ы, Жамбыл облысы бойынша-92% - ы қамтамасыз етілген. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Жамбыл облысында пайда болған қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі 31,3 мың тоннаны құрады, оның 6,4 мың тоннасы қайта өңделді, бұл жалпы массаның шамамен 20% - ы құрайды. Жуалы ауданы бойынша орташа есеппен жылына 2074 тонна (Тапсырыс беруші ұсынған деректер), халықты ТҚҚ шығару қызметтерімен 100% қамту деңгейінде (1-кесте) коммуналдық қалдықтар түзіледі.

Кесте 1. Жамбыл облысы және Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау (қалыптастыру), қайта өңдеу және көму/2022-2024 жж.

№	Наименование	Өлшем бірлігі	Жылдар		
			2022	2023	2024
1.	Жинақталған				
1.1.	Жуалы ауданы	мың тонна	1,031	1,037	1,041
2.	Қайта өңдеу				
2.1.	Жуалы ауданы	мың тонна	164,9	197	218,6
		%	16	19	21
3	Көму				
3.1.	Жуалы ауданы	мың тонна	1,031	1,037	1,041

Жуалы ауданындағы коммуналдық қалдықтардың пайда болу көздері-жеке үй шаруашылықтары, көп пәтерлі үйлер, кеңсе ғимараттары, коммерциялық кәсіпорындар, бизнес орталықтар, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар, балабақшалар, мектептер, ауруханалар, ауыл шаруашылығы субъектілері, сауда мекемелері, базарлар мен базарлар және коммуналдық қалдықтар түзілетін басқа да орындар.

Жамбыл облысы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу көлемінің шамамен 1%-ы Жуалы ауданына тиесілі. Қалдықтардың пайда болуының негізгі үлесі үй шаруашылықтарының қалдықтарына тиесілі (83,8%), 15,3% - өндіріс қалдықтары (тұрмыстық қалдықтарға тең), 0,8% - көшелерден жиналған қоқыс, 0,1% - нарық қалдықтары.

Пайда болған коммуналдық қалдықтардың 98% - дан астамы ТҚҚ полигонында көміледі. Полигонда көмілген қалдықтардың көлемі жыл сайын артып келеді. 2022

жылы – 1031 тоннаны, 2023 жылы – 1037 тоннаны, 2024 жылы – 1041,8 тоннаны, 2025 тоғызайында – 792 тоннаны құрады.

Морфологиялық құрамы.

ХЖТИЖО зерттеуіне сәйкес Жуалы ауданында коммуналдық қалдықтар құрамындағы негізгі фракциялар тамақ қалдықтары, макулатура және пластик болып табылады (1-сурет). Сонымен қатар, едәуір бөлігі (24%) басқа қалдықтарға жатады, олардың құрамына тоқыма, ағаш, сүйек, былғары, резеңке, бақша, көше, Гигиена құралдары және т. б.

1 – сурет Жуалы ауданының ТҚҚ Морфологиялық құрамы

Қазіргі уақытта қалада ТҚҚ азық-түлік фракциясын қайта өңдеу бойынша тәжірибелер мен қуаттар жоқ. Осыған байланысты барлық биологиялық ыдырайтын қалдықтар, соның ішінде тамақ қалдықтары, көше сметалары, ТҚҚ құрамындағы бақша қалдықтары полигонмен ТҚҚ тастау орындарына түседі. Қоқыс газы, оның ішінде биологиялық ыдырайтын қалдықтардың ыдырауы кезінде пайда болатын жанғыш метан полигондарда өрттер мен жарылыстарға әкелуі мүмкін.

Осылайша, биологиялық ыдырайтын (тамақ) қалдықтарды қайта өңдеу Жуалы ауданының қалдықтарды басқару жүйесін дамытудың өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары және тарифтер.

Жуалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 тамыздағы № 6-5 шешімімен, Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілген. Осы құжатқа сәйкес 1 тұрғынға шаққандағы жайлы үйлер үшін жылдық нормасы 1,0 м³, жайлы емес үйлер үшін жылдық нормасы 1,21 м³.

Жуалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 тамыздағы № 6-4 шешімімен, Жамбыл облысы Жуалы ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері бекітілген.

Кесте 2. Жамбыл облысы Жуалы ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері

Атауы	Бірлік саңы	Айына құны, теңге
жеке тұлғалар жайлы үйлер үшін айына 1 тұрғынға	1 тұрғын	108,87
жеке тұлғалар жайлы емес үйлер үшін айына 1 тұрғынға	1 тұрғын	131,73
заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін ҚҚС-сыз	1 м ³	1306,39

1.2. Қолданыстағы коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін бағалау.

1.2.1. Жинақтау және бөлек жинау, әкетумен қамту.

ҚР Эгипрінің 2021 жылғы деректеріне сәйкес бүкіл республика бойынша ТҚҚ жинау және әкету қызметтерімен халықтың 82%-ы, Жамбыл облысы бойынша-92%-ы

қамтамасыз етілген. Жуалы ауданы бойынша ТҚҚ шығарумен халықты қамту 2024 жылы 100% - құрады.

Кесте 3. Жуалы ауданының контейнерлік алаңдар мен контейнерлер туралы ақпарат

Атауы	Жуалы ауданы
Контейнер алаңдары	21 дана
Контейнерлер	160 дана
олардың ішінен пластикалық ыдыстарға арналған	3 дана
флуоресцентті шамдар үшін	3 дана
нан қалдықтары үшін	3 дана
Қолданылатын контейнерлердің түрі	0,75 м3 стандартты металл контейнерлер

Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау және жинақтау екі тәсілмен жүзеге асырылады:көппәтерлі тұрғын үйлердің контейнер алаңдарында орнатылған контейнерлер арқылы;

контейнерсіз (ыдыссыз) әдіспен — белгіленген орындарға орналастырылған қаптар мен дорбалардан қалдықтарды кесте бойынша арнайы көлікпен жинау арқылы. Контейнерсіз шығару, негізінен, жеке секторда жүргізіледі.

Жуалы ауданында қалдықтарды бөлек жинау барлық контейнер алаңдарында енгізілмеген. Қызмет көрсетілетін контейнерлік алаңдарда (бұдан әрі – ҚА) "Жуалы тазалық" ЖК қайта өңдеуге жарамды қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер мен торларды пайдаланады:

- пластикалық ыдыстар үшін – 3 дана;
- люминесценттік шамдар үшін – 3 дана;
- нан қалдықтары үшін – 3 дана.

Кейбір КА жөндеуді қажет етеді, себебі оларда қоршаулар жоқ, қатты жабын бұзылған, контейнерлер ескірген, ауыстыруды талап етеді.

КА маңында құрылыс қалдықтарын, ірі габаритті қалдықтарды (бұдан әрі – ІГҚ), электрондық және электрлік жабдықтар қалдықтарын (бұдан әрі – ЭЭЖҚ) рұқсатсыз төгу жағдайлары байқалады. Контейнер алаңдарының айналасына қалдықтарды заңсыз жинақтау — аудан көлемінде кең тараған мәселе және халықтың негізгі шағымдарының бірі болып табылады.

Контейнер алаңдарынан шығарылған барлық коммуналдық қалдықтар (бөлек жиналған қалдықтарды қоспағанда) ауылдық округтердегі тұрмыстық қатты қалдықтар тастау орындарына сұрыптаусыз көміледі, бұл ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес келмейді. Жақын арада барлық ауылдық округтерде қалдықтарды сұрыптау желісін салу және іске қосу қажет.

1.2.2.Тасымалдау

Аудан бойынша 2025 жылға қалдықтарды жинау және шығару жұмыстарын келесі кәсіпкерлік субъектілері атқарады:

Ауылдық округ	Жауапты кәсіпкер

Билікөл	ЖК "Айсұлтан"
Нұрлыкент	ЖК "Қожық"
Шақпақ	"Дидар"ШҚ
Қызыларық	ЖК "Сыздықбаев Н.Б."
Көкбастау	"Асхат"ШҚ
Қошқарата	"Бексұлтан"ШҚ
Ақсай	ЖК "Ошақбай Е.К."
Күреңбел	ЖК "Тұрғанов С."
Б.Момышұлы	ЖК "Жуалы тазалық"
Жетітөбе	"Әміржан"ШҚ
Боралдай	"Руслан"ШҚ
Қарасаз	ЖК "Самал"
Мыңбұлақ	"Ренат"ШҚ
Ақтөбе	"Абзал"ШҚ

Қалдықтарды әкету үшін 15 бірлік техника пайдаланылады.

Экологиялық кодексіне (ҚР ЭК) сәйкес, тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинау және тасымалдаумен айналысатын компаниялар өз қызметін бастау туралы хабарламаны Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (ҚР ЭТРМ) ұсынуы тиіс, тізімінде қауіпті емес қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау қызметін бастау туралы хабарлама берген кәсіпкерлік субъектілерінің ішінде тек "Жуалы тазалық" ЖК тіркелген. Хабарлама бермей кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Халықтан коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша кәсіпорындар туралы ақпарат

Берілген деректерге сәйкес, 2025 жылға қарай Жуалы ауданында ресми тіркелген 53768 адам қалдықтарды жинау және шығару қызметімен қамтылған. Қалған тұрғындар тіркеусіз тұрып жатыр, сондықтан олар үшін есептеу жүргізілмейді және ТҚҚ жинау мен әкету қызметіне ақы төлемейді. Бұл жағдайдың себебі — ҚШМ тұрғындардың нақты санын білмейді, себебі оларда тіркеу деректеріне қолжетімділік жоқ. Соның салдарынан ТҚҚ жинау және шығару бойынша есепшоттар жиі дұрыс емес жасалады, өйткені тариф бір адамға есептеледі. Сонымен қатар, абоненттік берешек мәселесі бар. Қамтылған тұрғындардың тек шамамен 70%-ы ғана қызмет ақысын төлейді, ал ірі қалаларда бұл көрсеткіш орта есеппен 10–20%, шағын қалаларда — 30–50% құрайды. Бұл мәселені шешу үшін, 2021 жылдан бастап ҚР ЭК-ға сәйкес, жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) құзыретіне коммуналдық қалдықтарды жинау қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға тұрғындарды тіркеу деректеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету міндеті енгізілді. Осылайша, Жуалы ауданында ТҚҚ жинау және шығару бойынша жұмыс істейтін ұйымдарға халықтың тіркеу туралы мәліметтеріне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Бұл қызметтер үшін есепшоттарды дұрыс жасауға мүмкіндік береді. ҚР ЭК талаптарына сәйкес, тұрғын

үйлерде тұратын жеке тұлғалар орталықтандырылған жүйені пайдаланып, бекітілген тарифтерге сай төлем жасауы тиіс. Алайда, бұл норма толық орындалмай отыр. Көппәтерлі үйлердің тұрғындары ТҚҚ жинау және шығару қызметін публичтік шарт негізінде пайдаланады, ал жеке тұрғын үйлердің иелері жеке шарт жасағанды жөн көреді. Кейбір тұрғындар публичтік шарттың бар екенін білмеуі де мүмкін. Жеке шарттар жасау тәжірибесі қалдықтарды шығаратын кәсіпорындар үшін тиімсіз, себебі бұл қосымша шығындарға (қызметкерлер саны, еңбекақы және т.б.) әкеледі. Сондықтан жеке шарттар тәжірибесін қайта қарау және публичтік шартқа көшу қажет. ЖАО мен ҚШМ өздерінің ресми сайттарында публичтік шарттың мәтінін орналастырып, халықты хабардар ету жұмыстарын жүргізуі тиіс.

1.2.3. Сұрыптау және қайта өңдеу.

Ауданда негізінен қағаз, картон, пластик, шыны және сынап құрамды қалдықтар қайта өңделеді.

Қайта өңдеу инфрақұрылымы шектеулі:

- халықтан қалдық қабылдайтын тұрақты пунктер жоқ;
- жиналған қалдықтар облыс орталығына немесе басқа аймақтарға өткізіледі; – электрондық және электрлік қалдықтар жеке кәсіпорындар арқылы заңды тұлғалардан ғана жиналады.

Тұрғындардан электрондық қалдықтарды жинау жүйесі жоқ. Бұл қалдықтар әдетте тұрмыстық қоқыспен бірге полигонмен ТҚҚ тастау орындарына түседі. Қалдықтарды жинайтын және қайта өңдейтін кәсіпорындар өз қызметі туралы есеп бермейтіндіктен, нақты статистика жүргізу қиын. Сондықтан бұл салада есеп пен мониторинг жүйесін жетілдіру, сондай-ақ шағын және орта бизнес өкілдерімен ақпараттық жұмыс жүргізу қажет.

1.2.4. Көму.

Жуалы ауданында коммуналдық қалдықтарды басқарудың басым тәсілі – оларды ауылдық округтердің қатты тұрмыстық қалдықтар (ТҚҚ) полигонында көму болып табылады.

Жуалы ауданында жалпы ауданы 26,197 гектарды құрайтын 1 полигон және 12 ТҚҚ тастау орындары орналасқан.

-Ақсай ауылдық округінің және Б.Момышұлы ауылының және ТҚҚ тастау полигоны, ауданы -7,0 га, Дихан ауылынан батысқа қарай 2250 метр қашықтықта орналасқан.

-Ақтөбе ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,0 га, Бәйтерек ауылының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

-Билікөл ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,7231 га, Қарабастау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1144 метр қашықтықта орналасқан. -Боралдай ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 2 га, Көлтоған ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 1189 метр жерде орналасқан.

-Жетітөбе ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,5 га, Кәріқорған ауылынан шығыс бағытта 2000 метрден астам қашықтықта орналасқан.

-Қарасаз ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,5га, Ақбастау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2375 метр қашықтықта орналасқан

-Көкбастау ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,0 га, Теріс ауылынан оңтүстік бағытта 1010 метр қашықтықта орналасқан.

-Қошқарата ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы -0,8746 га, Қошқарата ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 1500 метр жерде орналасқан.

-Қызыларық ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,0 га, Қызыларық ауылынан солтүстік бағытта 1737 метр қашықтықта орналасқан.

-Нұрлыкент ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны, ауданы - 1,6 га, Нұрлыкент ауылынан оңтүстік бағытта 2000 метрден астам қашықтықта орналасқан.

-Шақпақ ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны – ауданы 3,0 га, Шақпақ ата ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 км-ден астам қашықтықта орналасқан.

-Күреңбел ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны – ауданы 2,0 га, Күреңбел ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1090 метр жерде орналасқан.

-Мынбұлақ ауылдық округінің ТҚҚ тастау орны – ауданы 2,0 га, Көлбастау ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

"Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мәліметтері бойынша, 2024 жылдың соңында полигонмен ТҚҚ тастау орындарында жиналған қалдықтардың көлемі 1041 тонна болды. Коммуналдық қалдықтар полигонмен ТҚҚ тастау орындарының аумағына жеткізіліп, трактордың көмегімен тегістеліп, тығыздалады. Полигонмен ТҚҚ тастау орындарында қалдықтар сұрыпталмайды, сондықтан құрамында сынап бар, уытты және басқа да қауіпті фракциялардың бар-жоғы бақыланбайды. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көрсетілген пластик, әйнек сынықтары, құрылыс және тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салу және міндетті түрде сұрыптау талаптары сақталмайды. Полигонмен ТҚҚ тастау орындары санитарлық және экологиялық талаптарға толық сәйкес келмейді, қалдықтар сұрыпталмастан көміледі, бұл өз кезегінде полигонның қоршаған ортаны ластайтын, түрлі инфекцияларды тарататын қауіпті көзге айналуына әкеліп отыр. Полигонмен ТҚҚ тастау орындарында өрт шығу жағдайлары жиі кездеседі.

1.2.5. Полигонмен ТҚҚ тастау орындарын жақсарту және экологиялық талаптарға сәйкестендіру шаралары.

Рекультивация және абаттандыру шаралары

Полигонмен ТҚҚ тастау орындарында экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында кезең-кезеңімен рекультивация және

абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Рекультивация шараларының негізгі мақсаты — полигонмен ТҚҚ тастау орындарын қоршаған ортаға теріс әсерін азайту, жердің табиғи ландшафтын қалпына келтіру және экологиялық қауіпсіздікті арттыру.

Бұл мақсатта төмендегідей жұмыстар жоспарланған:

пайдаланылмайтын немесе толып қалған полигонмен ТҚҚ тастау орындарын жабу және топырақ қабатымен жабу;

жерді тегістеу және көгалдандыру (ағаш, бұта, шөп отырғызу);

жаңбыр және еріген сулардың ағуын реттеу жүйесін орнату;

санитарлық-қорғау аймағын абаттандыру (қоршаулар, белгілер, жолдарды жөндеу);

экологиялық мониторинг ұйымдастыру.

1.3. Қалдықтардың жекелеген түрлерін басқару жүйесін талдау.

1.3.1. Сынап құрамды қалдықтар (ҚСБҚ)

Ауылдық округтер ұсынған мәліметтер бойынша, ауданда сынап құрамды қалдықтарды (ҚСБҚ) жинау және жою мақсатында 3 арнайы контейнер орнатылған. Бұл қалдықтар айына бір рет шығарылады. Алайда, жинау жүйесінің жеткілікті түрде жолға қойылмауы және тұрғындардың экологиялық мәдениетінің төмендігі салдарынан сынап құрамды шамдар мен батареялар жалпы тұрмыстық қалдықтармен бірге тасталып жатыр.

Бұл — қоршаған орта мен адам денсаулығына елеулі қауіп төндіреді. Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес, сынап құрамды қалдықтарға қойылатын талаптар ұлттық стандарттармен белгіленеді. Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) төмендегі шараларды ұйымдастыруы қажет:

халықтан ҚСБҚ жинау жүйесін құру;

арнайы контейнерлерді орнату және қызмет көрсету;

тасымалдау мен қайта өңдеуді лицензиясы бар мамандандырылған кәсіпорындарға жүктеу.

Бұл жұмыстардың шығындары жергілікті бюджет есебінен жабылуы тиіс. Мамандандырылған ұйымды таңдау мемлекеттік сатып алу (тендер)арқылы жүзеге асырылады.

1.3.2. Электрлік және электрондық жабдық қалдықтары (ЭЭЖҚ)

Жуалы ауданында электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын (ЭЭЖҚ) басқару жүйесі қалыптаспаған. Жеке тұлғалардың ескі тұрмыстық техникасы, компьютерлер мен құрылғылары әдетте тұрмыстық қалдықтармен бірге полигонмен ТҚҚ тастау орындарына шығарылады.

Мұндай қалдықтар құрамындағы ауыр металдар мен улы элементтер топырақ пен жер асты суларына түсіп, қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіреді. Экологиялық кодекстің 365-бабына сәйкес, қауіпті құрамдас қалдықтар (сынап, батарея, аккумулятор, электрондық қалдықтар) бөлек жиналып, мамандандырылған кәсіпорындарға өңдеуге берілуі тиіс.

Осыған байланысты әкімдік пен ЖАО тарапынан келесі шаралар қажет:
тұрғындардан ЭЭЖҚ жинау жүйесін ұйымдастыру;
заңды тұлғалардың қалдықтарын өткізуін бақылау;
Экологиялық кодекстің 365-бабы талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

1.3.3. Ірі көлемді қалдықтар (ІКҚ)

Ірі көлемді қалдықтарға (жиһаз, тұрмыстық техника, т.б.) арналған бөлек жинау жүйесі аудан бойынша жоқ. Мұндай қалдықтар әдетте тұрғындармен контейнер алаңдарына тасталып, кейін басқа қалдықтармен бірге полигонға шығарылады.

Жергілікті атқарушы органдар ІКҚ жинау орындарын белгілеу және арнайы кәсіпорынды таңдау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл бағытта конкурс өткізу жоспарланған.

1.3.4. Құрылыс қалдықтары

2021 жылдан бастап Экологиялық кодекске сәйкес құрылыс қалдықтарын полигонға көмуге тыйым салынған. Сондықтан жеке және заңды тұлғалар жөндеу немесе құрылыс жұмыстары кезінде пайда болған қалдықтарды арнайы белгіленген орындарға өз күшімен шығарып, тапсыруы тиіс. Зерттеулер нәтижесінде ауданда құрылыс қалдықтарын орналастыру үшін әрбір полигонмен ТҚҚ тастау орындарының аумағынан шамамен 50 м² жер телімін бөліп, ол жерлерге қоршау орнату, рұқсат құжаттарын рәсімдеу және ұсақтағыш (дробильный) жабдық орнату ұсынылған. Осылайша қалдықтар сұрыпталғаннан кейін қайта өңделіп, жол құрылысына немесе жоспарлау жұмыстарына пайдаланылуы мүмкін.

1.3.5. Тағамдық қалдықтар

Қазіргі уақытта тағамдық қалдықтар жалпы тұрмыстық қалдықтармен бірге жиналып, полигонмен ТҚҚ тастау орындарына көміледі. Ауылдық округтерде тағам қалдықтарын бөлек жинауға арналған контейнерлер жоқ. 2021 жылдан бері тағамдық және биоыдырайтын қалдықтарды көмуге тыйым салынған. Алайда бұл талап әлі толық орындалмай отыр. Осыған байланысты әкімдіктерге:

тұрғындар мен кәсіпорындарды бөлек жинауға ынталандыру;
тағамдық қалдықтарды компосттау әдісімен өңдеу тәжірибесін енгізу;
тиісті бақылауды күшейту қажет.

Бұл экологиялық тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да тиімді, себебі компост ауыл шаруашылығына тыңайтқыш ретінде пайдаланылуы мүмкін.

1.4. Коммуналдық қалдықтарды басқару бойынша ағымдағы жағдайды талдау бойынша қорытындылар.

Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқарудың қолданыстағы жағдайына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша анықталғандай, аудан орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылында халықтың коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен қамтылуы 100% деңгейінде қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, қайта өңдеу және көму үдерістері жетілдіруді қажет етеді. Бағдарлама аясында коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және келесі өзекті мәселелерді шешу қажет:

1. Контейнерлік алаңдардың санитарлық талаптарға толық сәйкес еместігі;
2. Контейнерлік алаңдардың жеткілікті мөлшерде контейнерлермен толық қамтамасыз етілмеуі;
3. Халық арасында жаппай бөлек жинауды қамтамасыз ету үшін қайталама шикізатты бөлек жинауға арналған контейнерлердің жетіспеушілігі;
4. Халық арасында коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін (сынапқұрамды шамдар, электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары, медициналық және т.б.) жинау жүйесінің болмауы;
5. Биологиялық тұрғыда ыдырайтын (тамақ) қалдықтарды бөлек жинау жүйесінің болмауы;
6. Ірі габаритті және құрылыс қалдықтарын жинау мен тасымалдау жүйесінің болмауы;
7. Халықтың қалдықтармен жұмыс істеу мәдениетінің және ақпараттану деңгейінің төмендігі;
8. Халықтың коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметтеріне толық қанағаттанбауы;
9. Полигонмен ТҚҚ тастау орындарының аумағында жиі өрт шығу жағдайларының орын алуы;
10. Заңды тұлғалардың қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметімен толық қамтылмауы, сондай-ақ олармен келісімшарт жасасудан бас тартуы;
11. Заңды тұлғалардың тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерге өз қалдықтарын бақылаусыз тастау жағдайлары;
12. Тұрғын үй аулаларының сыпырындысын тұрғындарға арналған контейнерлерге тастайтын ҚСЖ жұмысшылары тарапынан бақылаусыз әрекеттер;
13. Контейнерлік алаңдарға қолжетімділіктің қиындығы және ереже бұзушыларға қатысты шаралардың болмауы;
14. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу және көмуге арналған тарифтердің төмен жиналымдылығы;
15. Тозған техника мен жабдықтардың пайдаланылуы;
16. Іске қосылған сұрыптау желілерінің болмауы;
17. Қалдықтардың сұрыпталмастан көмілуі;
18. Құрылыс және тамақ қалдықтарын қайта өңдеу жүйесінің болмауы;
19. Қатты тұрмыстық қалдықтарды терең өңдеу қуаттарының болмауы, нәтижесінде полигонмен ТҚҚ тастау орындарына көмілуге жіберілетін қалдықтар көлемін азайту мүмкін еместігі;

20.Атмосфераға бөлінетін зиянды шығарындылардың қоршаған орта мен халық денсаулығына теріс әсері;

21.Полигонмен ТҚҚ тастау орындарында қоқыс газын жинау және кәдеге жарату технологияларының болмауы, бұл парниктік газдар шығарындыларының ұлғаюына әкеледі;

22.Полигонмен ТҚҚ тастау орындарының толып кетуі және оның экологиялық, санитарлық нормаларға сәйкес келмеуі;

23.Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметтері бойынша жеке тұлғалармен есеп айырысудағы және төлем есептеудегі қиындықтар (ҚШМ-да нақты тұрғылықты халық саны туралы деректердің болмауы);

24.Жеке тұлғалардан төлемдердің төмен жиналымдылығы, соның салдарынан ҚШМ-да жыл сайын ұлғайып келе жатқан дебиторлық берешектің қалыптасуы;

25.ҚҚС (қосылған құн салығы) төлеміне қатысты мәселе – халық ҚҚС төлемейді, алайда ҚШМ оны төлеуге міндетті.

1.5. Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы күшті және әлсіз жақтардың, мүмкіндіктер мен қауіптердің талдауы

1.5.1.Күшті жақтар

1.Қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындардың (ЖК "Жуалы тазалық" және ауылдық округтердегі мердігерлік ұйымдар) болуы.

2.Аудан аумағында ресми тіркелген және пайдаланудағы 13 ТҚҚ тастау орындары мен полигонның болуы.

3.Тұрғындардың қалдықтарды шығару қызметімен қамтылу деңгейінің жоғары болуы (100%).

4.Қалдықтарды басқару саласында негізгі нормативтік-құқықтық база қалыптасқан (Экологиялық кодекс, мемлекеттік бағдарламалар).

5.Әкімдік пен мәслихат деңгейінде экологиялық мәселелерді жүйелі түрде қарау тәжірибесінің болуы.

6.Халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі.

1.5.2. Әлсіз жақтар

1.Қалдықтарды бөлек жинаудың толық жүйесінің болмауы.

2.Қайта өңдеу және сұрыптау инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы.

3.Контейнерлік алаңдардың көпшілігінің санитарлық және техникалық талаптарға толық сай келмеуі.

4.Абоненттік берешектің жоғары деңгейі және төлемдердің толық жиналмауы.

5.Электрондық және қауіпті қалдықтарды жинау мен кәдеге жарату жүйесінің болмауы.

6.Полигонмен ТҚҚ тастау орындарында қалдықтардың алдын ала сұрыптаусыз көмілуі және экологиялық талаптардың сақталмауы.

7.Қалдықтар бойынша нақты статистикалық және мониторингтік деректердің болмауы.

8.Халықтың экологиялық мәдениетінің төмендігі және ақпараттандыру деңгейінің жеткіліксіздігі.

9.ТҚҚ тастау орындарының бірқатары қоршаусыз және күзетсіз болуы, экологиялық бақылаудың әлсіздігі.

1.5.3. Мүмкіндіктер

1.Мемлекеттік және өңірлік экологиялық бағдарламалар аясында қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндігі.

2.Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу саласына жеке инвесторларды тарту.

3.Қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін қалыптастыру арқылы халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру.

4.Биоыдырайтын қалдықтарды компосттау технологияларын енгізу.

5."Жасыл" және айналмалы экономиканы дамытуға бағытталған ұлттық жобаларды іске асыруға қатысу.

6.Қайта өңдеу кәсіпорындарын ашу арқылы жаңа жұмыс орындарын құру.

7.Қалдықтарды басқару саласына заманауи цифрлық технологияларды енгізу (GPS, электрондық есеп жүйесі).

8.Қалдықтар бойынша өңірлік деректер базасын құру мүмкіндігі.

1.5.4. Қауіптер

1.Қалдықтар көлемінің жыл сайын ұлғаюы және полигондардың толып кету қаупі.

2.Экологиялық және санитарлық талаптардың бұзылуы нәтижесінде қоршаған орта мен халық денсаулығына зиян келуі.

3.Қаржыландырудың жеткіліксіздігі және тарифтердің экономикалық тұрғыда негізсіздігі.

4.Жеке секторда қалдықтарды рұқсатсыз тастау және бейберекет қоқыс алаңдарының пайда болуы.

5.Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу кезінде тұрғындардың қарсылық танытуы немесе немқұрайлығы.

6.Экологиялық бақылаудың әлсіздігі және заң бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің төмендігі.

7.Қайта өңдеу кәсіпорындарына жеткілікті көлемде сұрыпталған қалдықтардың жеткізілмеуі.

8.Климаттық және географиялық ерекшеліктерге байланысты қалдықтардың ыдырау уақытының ұзақтығы.

2. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Қазақстан Республикасының қалдықтарды басқару саласындағы саясаты

Қазақстан Республикасының қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясаты "Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы" (2013 ж.) және "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасы (2021 ж.) негізінде айқындалады. Аталған стратегиялық құжаттар қалдықтарды басқару жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын белгілейді, соның ішінде:

қалдықтарды шығару қызметімен халықты толық қамту;

қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу;

қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату үлесін арттыру;

полигондарға көмілуге жіберілетін қалдықтардың көлемін азайту.(5-кесте)

5-кесте. Қазақстан Республикасының "Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы" мен "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасының мақсаттары және нысаналы көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	2025 жылға дейінгі мақсат	2030 жылға дейінгі мақсат	2050 жылға дейінгі мақсат
1	Қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі	30 %	40 %	50 %
2	Қалдықтарды бөлек жинаумен қамту деңгейі	40 %	70 %	100 %
3	Полигонмен ТҚҚ тастау орындарына көмілуге жіберілетін қалдықтар үлесін азайту	60 %	40 %	30 %
4	Қалдықтарды басқару саласындағы экологиялық инфрақұрылыммен қамту	50 %	80 %	100 %
5	Экологиялық мәдениетті және халықтың қатысу деңгейін арттыру	Жергілікті деңгейде экологиялық білім беру жүйесін енгізу	"Жасыл" өмір салтын кеңінен тарату	Толық экологиялық жауапкершілік мәдениетіне көшу

Ұлттық "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасында тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау жүйесімен қамтуға қатысты нысаналы көрсеткіштердің ішінде Жуалы ауданы қамтылмаған.

Алайда, Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінің үлгісі бойынша Жуалы ауданы үшін осындай нысаналы көрсеткіштерді белгілеу аудандағы қалдықтарды басқару жүйесін дамытуға және жетілдіруге оң әсерін тигізеді.

Осы Бағдарламаның 3-бөлімінде Жуалы ауданы бойынша ұсынылған нысаналы көрсеткіштер берілген, олар коммуналдық қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін кезең-кезеңімен жетілдіруге бағытталған.

3. Коммуналдық қалдықтарды басқарудың мақсаттары, міндеттері және негізгі бағыттары

3.1. Бағдарламаның мақсаты

Жуалы ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасының басты мақсаты —қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бағдарлама Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы және "Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы" негізінде әзірленген.

3.2. Бағдарламаның негізгі міндеттері

1. Коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін жетілдіру, аудан халқын 100% қамтуды қамтамасыз ету;

2. Қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптау жүйесін кезең-кезеңімен енгізу;

3. Қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру;

4. Қалдықтарды экологиялық және санитарлық талаптарға сай қауіпсіз көму;

5. Қалдықтармен жұмыс істеу саласында ақпараттық-түсіндіру және экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу;

6. Қалдықтар бойынша есеп пен мониторинг жүйесін жетілдіру, деректерді цифрлық форматта жүргізу;

7. Жеке сектор мен инвесторларды тарту арқылы қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту;

8. Полигонмен ТҚҚ тастау орындарын экологиялық талаптарға сәйкестендіру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту.

6 кесте. Жуалы ауданы бойынша халықты қалдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу және көму жүйесімен қамтуды жетілдіру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер (2025–2029 жж.)

№	Нысаналы көрсеткіштер	Ағымдағы жағдай (2025 ж.)	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.	2029 ж.
1	Жуалы ауданы халқын тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинау және шығару жүйесімен қамту деңгейі	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %
	Бөлек жинаумен қамту: – құрғақ және ылғалды фракциялар					

2	бойынша; – қауіпті қалдықтардың жекелеген түрлері бойынша (медициналық, сынап құрамды, электрондық және тұрмыстық техника қалдықтары)	5 %	50 %	60 %	70 %	80 %
3	ТҚҚ-ны қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі (қалдықтардың жалпы көлемінен)	5 %	20 %	26 %	32 %	35 %
4	Полигонмен ТҚҚ тастау орындарын экологиялық талаптарға сәйкестігі	50 %	70 %	90 %	100 %	100 %
5	Халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейі	55,3 %	61,5 %	73,8 %	86,1 %	86,1 %

Негізгі бағыттар мен іс-шаралар

1. Қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін жетілдіру

Қалдықтарды жинау қызметін көрсететін кәсіпорындармен публикациялық шарттар жүйесін енгізу;

Контейнерлік алаңдардың санын арттыру және санитарлық талаптарға толық сәйкестендіру;

Ауылдық округтерде жаңа контейнерлер орнату және ескі контейнерлерді ауыстыру;

Қалдықтарды шығару кестелерін нақтылау және тұрғындармен кері байланыс жүйесін құру;

Қалдықтарды тасымалдау көліктерін жаңарту (қоқыс таситын машиналар, жинау техникасы).

2. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамыту

Ауылдық округтерде қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу (қағаз, пластик, әйнек, металл, тағам қалдықтары бойынша);

Халықты бөлек жинауға қатысуға ынталандыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

Б.Момышұлы аулы және ауылдық округте кемінде бір жинау пунктін ұйымдастыру ;

Мектептер мен мекемелерде экологиялық бұрыштар мен "жасыл сабақтар" ұйымдастыру.

3. Қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту

Қалдықтарды қайта өңдейтін шағын және орта кәсіпорындарды қолдау;

Инвесторлар үшін жеңілдетілген шарттар жасау (жер телімі, инфрақұрылым, несие)

;

Қайта өңдеуге жарамды қалдықтарды (пластик, қағаз, шыны, металл) жинау және өткізу тізбегін құру;

Биоыдырайтын қалдықтарды компосттау нысандарын ұйымдастыру;

Электрондық және қауіпті қалдықтарды қабылдайтын мамандандырылған пункттер ашу.

4. Полигонмен ТҚҚ тастау орындарын экологиялық тұрғыдан жетілдіру

Полигонмен ТҚҚ тастау орындардың санитарлық-қорғаныш аймақтарын белгілеу және заңдастыру;

Қалдықтарды көму процесін жетілдіру (қабаттап тығыздау, инертті топырақпен жабу, өрт қауіпсіздігін сақтау);

Полигонға жер үсті және жер асты суларына әсерін бақылау жүйесін енгізу;

Полигонға бейнебақылау және кіріс-шығыс есептеу жүйесін орнату.

5. Экологиялық ағарту және халықты ақпараттандыру

Жыл сайын экологиялық айлықтар мен сенбіліктер ұйымдастыру;

Оқу орындарында және мекемелерде экологиялық білім беру іс-шараларын өткізу;

БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы қалдықтарды бөлек жинаудың маңызын насихаттау;

"Жасыл мектеп", "Таза ауыл", "Эко-әкімдік" сияқты жергілікті экологиялық бастамаларды қолдау;

Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп экологиялық мәдениетті арттыру жобаларын іске асыру.

6. Қалдықтар саласындағы есеп пен мониторингті жетілдіру

Қалдықтардың түзілуі, жиналуы, өңделуі және көмілуі туралы біртұтас ақпараттық база құру;

Мердігер ұйымдардың ай сайынғы есеп беруін цифрлық форматқа көшіру;

Полигон мен қайта өңдеу нысандарынан онлайн мониторинг жүйесін енгізу;

Экологиялық деректерді Жамбыл облысы әкімдігі мен министрліктің экологиялық платформасына интеграциялау.

7. Қаржыландыру және экономикалық тетіктер

Қалдықтарды басқару саласына жергілікті және республикалық бюджеттен қаражат бөлу;

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӨ) тетігін пайдалану;

Қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарына салықтық және инвестициялық жеңілдіктер қарастыру;

Экологиялық төлемдердің (эмиссиялар үшін, көму үшін) бір бөлігін инфрақұрылымды дамытуға бағыттау;

Экологиялық жобаларға гранттар мен халықаралық ұйымдардың қаржысын тарту.

Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Кезең	Уақыты	Негізгі бағыттар
I кезең (2025–2026 жж.)	Қысқа мерзімді	– Контейнерлік алаңдарды жанарту; – Ауылдық округтерде қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу;; – Экологиялық ағарту жұмыстары.
II кезең (2027–2028 жж.)	Орта мерзімді	– Қайта өңдеу және сұрыптау желілерін орнату; – Биодырайтын қалдықтарды компосттау учаскелерін ұйымдастыру; – Электрондық және қауіпті қалдықтар пункттерін ашу; – МЖӨ жобаларын іске асыру.
III (2029 ж.)	Қорытынды	– Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін бағалау; – Қайта өңдеу үлесін 35%-ға жеткізу; – Экологиялық әсерді төмендету және халықтың қатысуын арттыру .

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін мониторингтеу

Бағдарламаның орындалу барысы бойынша жыл сайынғы есеп дайындалып, Жуалы ауданы әкімдігі мен мәслихаттың қарауына ұсынылады

Мониторинг мыналарды қамтиды:

орындалған іс-шаралар мен олардың нәтижелерін талдау;

қалдықтар көлемінің өзгерісі мен қайта өңдеу үлесін бағалау;

экологиялық көрсеткіштерді (атмосфера, топырақ, су) қадағалау;

қаржылық шығындар мен тиімділік көрсеткіштерін салыстыру.

Бағдарлама орындалуының тиімділігі мынадай негізгі көрсеткіштер арқылы бағаланады:

қалдықтарды қайта өңдеу үлесі (%);

тұрғындарды қызметпен қамту деңгейі (%);

контейнерлер мен алаңдардың саны (41 бірлік);

стихиялық үйінділердің қысқаруы (бірлік);

ТҚҚ тастау орындарымен полигонның экологиялық сәйкестік деңгейі (%).

Бағдарламаның қорытынды бөлімі

Осы бағдарлама Жуалы ауданы аумағында коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту мен жетілдіруге бағытталған негізгі стратегиялық құжат болып табылады.

Бағдарламаны толық орындау нәтижесінде:

қалдықтарды бөлек жинау жүйесі ауданның барлық елді мекендерінде енгізіледі;

қайта өңдеу және компосттау инфрақұрылымы дамиды;

полигонмен ТҚҚ тастау орындарын экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіріледі;

халықтың экологиялық мәдениеті артады;

қоршаған ортаға теріс әсер азаяды және ауданның экологиялық жағдайы жақсарады

4-ТАРАУ. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТИІСТІ ШАРАЛАР

4.1. Коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар

Аудан халқын қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен толық қамту мақсатында төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет:

- аудан халқын қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен толық қамту; -ұзақ мерзімді шарттар жасасу және конкурстық негізде мердігерлерді анықтау;

- төлемдердің жиналу деңгейін арттыру; - контейнерлік алаңдарды санитарлық нормаларға сәйкестендіру, жаңа контейнерлер орнату және ескілерін ауыстыру, қоқыс таситын көліктер паркін жаңарту.

Аудан халқын қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен қамту.

Жуалы ауданының тұрғындарын қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметімен толық қамту үшін тек жеке тұлғаларды ғана емес, заңды тұлғаларды да қамту қажет. Осы мақсатта тұрғын үйлерде немесе жеке ғимараттарда қызмет жүргізетін заңды тұлғалармен (контейнер болмаған жағдайда) түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларды аудан әкімдігі айқындаған мердігер ұйымдармен қалдықтарды жинау және шығару қызметіне шартжасасуға міндеттеу қажет.

Ұзақ мерзімді шарттар жасасу және конкурстық негізде мердігерлерді анықтау. Қалдықтарды жинау және шығару қызметінің сапасын арттыру үшін ұзақ мерзімді шарттар конкурстық негізде жасалуы тиіс. Мердігерді таңдау кезінде жергілікті атқарушы орган (әкімдік) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларының" талаптарына сәйкес келетін шарттар белгілейді. Қалдықтарды жинау және тасымалдаумен экологиялық заңнама талаптарына сәйкес келетін мамандандырылған кәсіпорындар айналысуы тиіс. Негізгі

талаптардың бірі — кәсіпорынның ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің реестрінде тіркелуі және қызмет бастау туралы хабарлама тапсыруы. Хабарламай қызмет атқару заңмен тыйым салынған. Егер компания қауіпті қалдықтармен жұмыс істесе, тиісті лицензиясы болуы тиіс.

Төлемдердің жиналу деңгейін арттыру

Қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу және көмуге арналған төлемдердің уақтылы жиналуын қамтамасыз ету мақсатында әкімдік пен мердігер ұйымдар арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту қажет. Тұрғындардың тіркеу деректері ИМ ақпараттық жүйесі арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасына жіберіледі. Бұл деректерге әкімдіктер қол жеткізе алады. Әкімдік мердігер ұйымдарға тіркелген тұрғындар саны жөнінде дербестендірілмеген ақпаратты ұсына алады, бұл төлемдерді дұрыс есептеуге мүмкіндік береді. Контейнерлік алаңдарды санитарлық нормаларға сәйкестендіру және жаңа контейнерлер орнату.

Қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесі елді мекендердің құрылыс типіне қарай ұйымдастырылады. Көпқабатты үйлерде контейнерлік алаңдар орнатылады, жеке секторда жеке контейнерлер беріледі. Контейнерлердің саны мен сыйымдылығы қалдықтардың көлеміне байланысты анықталады. Контейнер алаңдарының бір бөлігі жөнделіп, санитарлық талаптарға сәйкестендіріледі. Көлік паркін жаңарту мердігер ұйымдар мен жеке инвесторлардың есебінен жүзеге асырылады.

4.2. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар

Бөлек жинау жүйесін жетілдіру үшін төмендегідей шаралар көзделеді: - барлық контейнерлік алаңдарда қалдықтардың құрғақ фракциясына арналған контейнерлер орнату және екінші шикізатты бөлек шығару;

- коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін жинау және кәдеге жарату жүйесін ұйымдастыру;

- халықтан ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинау және тасымалдау үшін арнайы орындар мен кәсіпорындар айқындау.

Құрғақ фракциялар үшін контейнерлер орнату және бөлек шығару

2021 жылғы 2 желтоқсандағы №482 бұйрыққа сәйкес, әкімдіктер контейнерлік алаңдарда қалдықтарды бөлек жинауға арналған кемінде екі контейнер орнатуға міндетті. Контейнерлерде қалдықтар екі фракцияға бөлінеді: құрғақ және дымқыл. Құрғақ фракция — қағаз, картон, металл, пластик, шыны. Бөлек жиналған қалдықтар кейінгі кезеңдерде қайта араластырылмауы тиіс.

Қауіпті қалдықтарды бөлек жинау және кәдеге жарату жүйесін ұйымдастыру

Қауіпті қалдықтарға: сынап құрамды шамдар, батареялар, аккумуляторлар, электрлік және электрондық қалдықтар жатады. Қазіргі таңда Жуалы ауданында тек сынап құрамды шамдар ішінара жиналады, ал басқа түрлері полигондарға түсіп, қоршаған ортаны ластауда. Экологиялық кодекстің 365-бабына сәйкес, қауіпті қалдықтар бөлек жиналып, мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылады. Әкімдік

конкурстық негізде мердігер ұйымды таңдап, осы қызметтерді (жинау, тасымалдау, кәдеге жарату) жүзеге асырады.

Сынап құрамдас қалдықтар

Халықтан сынап құрамдас қалдықтарды (СҚҚ) жинау жүйесін ұйымдастыру үшін СТ РК 1513 "Ресурстарды үнемдеу. Технологиялық циклдің барлық кезеңдерінде қалдықтармен жұмыс істеу. Сынап құрамдас қалдықтарды жіктеу және қайта өңдеу әдістері. Негізгі ережелер" стандартының талаптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) келесі функцияларды жүзеге асырады:

- халықтан пайда болатын СҚҚ-ны жинауға арналған арнайы әмбебап контейнерлердің орнатылуы мен техникалық қызмет көрсетілуін бақылау;

- кондоминиум объектілерін басқару органдарының қызметін ұйымдастыру және бақылау, олар өз кезегінде келесі шараларды қамтамасыз етуге міндетті:

 - арнайы әмбебап контейнерлердің сақталуын қамтамасыз ету;

 - контейнерлерге қызмет көрсететін мамандандырылған кәсіпорынмен өзара іс-қимыл жасау;

 - отұрғындарға контейнерлерге еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;

 - отұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

 - контейнерлерге бөтен заттардың тасталуына, бөгде жарнамалардың, хабарландырулардың жапсырылуына жол бермеу.

Сонымен қатар, ЖАО халықтан пайдаланылған сынап құрамдас энергия үнемдейтін шамдарды қайта өңдеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Бұл мақсатта:

- халық үшін демеркуризация шаралар кешенін жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындардың қызметтерін (жұмыстарын) сатып алу;

- сондай-ақ СҚҚ контейнерлерін жөндеу немесе ауыстыруға арналған қаражат бөлу қарастырылады.

Халық үшін демеркуризация шаралар кешенін іске асыру және СҚҚ контейнерлерін жөндеу (ауыстыру) бойынша мамандандырылған кәсіпорындардың қызметтерін (жұмыстарын) ЖАО Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-тарауына және басқару қағидаларына сәйкес конкурс (тендер) арқылы жүзеге асырады.

Электрлік және электрондық жабдықтар

СТ РК 3753-2021 "Ресурстарды үнемдеу. Сынапты құрылғылар мен аспаптарды қоспағанда, электротехникалық және электрондық жабдықтар қалдықтарымен өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде жұмыс істеу. Қауіпсіздік талаптары" стандартына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) электр және электрондық жабдықтар қалдықтарын (ЭЭЖҚ) өндірушілерге немесе осы салада қызмет атқаратын кәсіпкерлік субъектілеріне тапсыруға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құруға жәрдемдесуі тиіс.

Бұл ретте халықтың тығыздығы ескеріле отырып, қалдықтарды жинау, жинақтау және қайта өңдеу объектілерін (оның ішінде контейнерлік алаңдар мен стационарлық қабылдау пункттерін) орналастыру үшін жер учаскелерін бөлу қарастырылуы қажет.

ЖАО сондай-ақ электр және электрондық жабдықтарды жөндеу, қалпына келтіру, бөлек жинау және қайта өңдеу жүйесін ұйымдастыруға міндетті, оның ішінде жылжымалы қабылдау пункттерін құру арқылы ЖАО халық арасында ЭЭЖҚ-ны бөлек жинау үлесін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруы қажет, оған ақпараттық науқандар, экологиялық байқаулар, дәрістер және басқа да түсіндіру жұмыстары кіреді.

Халықтан коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін жинау жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар

Қауіпті тұрмыстық қалдықтарды (мысалы, батареикалар, құрамында сынабы бар шамдар, электрондық және электрлік жабдықтар) жинау жүйесін ұйымдастыру үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

қауіпті тұрмыстық қалдықтарды қабылдауға арналған стационарлық немесе жылжымалы қабылдау пункттерін (жинау орындарын) құру;

халықты қалдықтарды қабылдау пункттері туралы хабардар ету және олармен қауіпсіз жұмыс істеуді насихаттау;

қалдықтарды жинау мен кәдеге жарату шығындарының бір бөлігін өтеу мақсатында өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерінің операторы функциясын атқаратын "Жасыл даму" АҚ-пен ынтымақтастықты күшейту.

Қауіпті тұрмыстық қалдықтарды қабылдау пункттерін орналастыру және жабдықтау

Қауіпті тұрмыстық қалдықтардың (батареикалар, құрамында сынабы бар шамдар, электрондық және электрлік жабдықтар) стационарлық қабылдау пункттері көзделеді. Мұндай пункттер аталған тауарларды сататын дүкендерде, дүкен бөлімдерінде немесе сауда нүктелерінде орналастырылуы мүмкін. Батареикалар мен сынапты шамдарды қабылдауды пәтер иелері кооперативтері (ПИК) аумағында ұйымдастыруға болады.

Шамдарды қабылдайтын стационарлық пункттердің орналасқан жері мен саны олардың халық үшін қолжетімділігі мен ыңғайлылығын ескере отырып айқындалуы тиіс.

Сынапты шамдарды жинайтын пункттер:

бөгде адамдардың кіруінен қорғалған жеке кіреберісі бар болуы керек;

шамдарды жинауға арналған арнайы контейнерлермен жабдыкталуы қажет;

тиісті рұқсаттар мен санитарлық-қорытындыларға ие болуы тиіс.

Күтілетін нәтиже:

Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін бөлек жинау жүйесін енгізу және қайта өңдеуге арналған екінші реттік шикізат қабылдау пункттерін құру бөлек жинау бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Занды тұлғалардағы коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін бөлек жинау және қалпына келтіру

Қызмет түріне қарамастан, заңды тұлғаларда түзілетін коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктері де бөлек жиналып, қалпына келтіруге мамандандырылған ұйымдарға (кәсіпорындарға) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабының 6-тармағына сәйкес өткізілуі тиіс.

Шағын және орта бизнес субъектілерімен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, олардың заңнама талаптарына сай және адал қызмет атқаратын қалдықтарды жинау мен қалпына келтіруге мамандандырылған кәсіпорындарды анықтауына жәрдемдесу мақсатында. Сондай-ақ, жиналған және қалпына келтірілген қалдықтарды есепке алу және статистикалық деректерді қадағалау мақсатында мамандандырылған кәсіпорындардың әлеуетін нығайту қажет.

Халықтан ірі габаритті және құрылыс қалдықтарын жинауға арналған арнайы орындарды ұйымдастыру және оларды тасымалдауға арналған мамандандырылған ұйымды айқындау

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрығымен бекітілген қалдықтарды бөлек жинау талаптарының 19-тармағына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) жеке тұлғалар (тұрғындар) түзетін құрылыс және ірі габаритті қалдықтарға арналған алаңының ауданы кемінде 12 м², жабындысы мен қоршауы бар арнайы орын ұйымдастыруы тиіс.

Осы талаптардың 17-тармағына сәйкес, жылжымайтын мүлікті салу немесе жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды өз бетімен жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған арнайы орындарға шығарады.

Көркейту ережелеріне сәйкес, ірі габаритті қалдықтарды (қоқысты) шығару кәсіпорындар, мекемелер және жеке тұлғалардың өздеріменнемесе қоқыс шығару қызметін көрсететін ұйымдармен келісімшарт негізінде жүзеге асырылады.

Ірі габаритті қалдықтарды (ІГҚ) шығару төлемі коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифіне енгізілмегендіктен, ІГҚ мен құрылыс қалдықтарын жинау және шығару бойынша жеке мамандандырылған компанияны айқындау қажет.

Халықтан ІГҚ мен құрылыс қалдықтарын тасымалдаумен айналысатын ұйымды анықтау үшін ЖАО "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен конкурс (тендер) ұйымдастыруы тиіс.

Аудан әкімдіктері ірі габаритті және құрылыс қалдықтарын шығару бойынша қызмет көрсететін ұйымды айқындайды. Өзара іс-қимыл шарттары үлгілік шарттың

техникалық ерекшелігінде белгіленеді. Шығару компаниясы хабарлама тәртібіне сәйкес келіп, Қазақстан Республикасының ЭГТРМ реестріне енгізілуі қажет.

Құрылыс қалдықтарын жинаудың ұйымдастыру тәсілдері

Арнайы ұйымдастырылған орындарда құрылыс қалдықтарын жинау келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

ауыспалы бункерлерге жинап, мультилифт жүйесі бар көліктермен шығару;

қалдықтарды қаптарға жинап, оларды бортты немесе самосвал автокөліктеріне тиеу арқылы шығару;

қалдықтарды үйінді түрінде жинап, кейінбортты немесе самосвал көліктеріне қайта тиеу арқылы шығару.

Коммуналдық қалдықтарды, соның ішінде арнайы түрлерін (тағамдық, құрылыс және ірі габаритті қалдықтар, ЭЭЖҚ және т.б.) қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту шаралары

Қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

халық пен заңды тұлғалар арасында қалдықтардың жекелеген санаттары бойынша (екіншілік шикізат — пластик, қағаз және әйнек; құрылыс қалдықтары; ірі габаритті қалдықтар; коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөлігі) олардың түзілу көлемінен екіншілік шикізатты жинау үлесін арттыру;

Жамбыл облысы аумағында қызмет атқаратын қалдықтарды қалпына келтірумен айналысатын мамандандырылған кәсіпорындармен өзара іс-қимылды күшейту.

Екіншілік шикізатты жинау үлесін арттыру жөніндегі іс-шаралар 4.2-тармақта көрсетілген.

Қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттыру мақсатында қоқыс сұрыптау кешеніне арналған жобалық-сметалық құжаттаманы келісу, құрылысқа жер телімін бөлу және сұрыптау желісін іске қосу бойынша жұмыстар жеделдетіледі.

Қалдықтарды қайта өңдеу үлесін ұлғайту үшін бөлек жиналған қалдық фракцияларын немесе ҚСК (қалдықтарды сұрыптау кешенінде) сұрыпталған екіншілік шикізатты өңірдегі қолданыстағы мамандандырылған кәсіпорындарда қайта өңдеу қажет. Егер мұндай кәсіпорындар болмаса, қалдықтар басқа өңірлерге немесе елдерге жөнелтіледі.

Келешекте алынған екіншілік шикізатты дайын өнімге дейін өңдеу мүмкіндіктерін ұйымдастыру және қарастыру жоспарлануда. Қайта өңдеу қондырғылары қазіргі уақытта ТМД елдерінен жеткізушілер тарапынан кең ассортиментте және қолжетімді бағамен ұсынылуда.

Екіншілік шикізат (қағаз, картон, пластик, әйнек және т.б.) мамандандырылған кәсіпорындарға беріледі және оларда қайта өңделіп, дайын өнім өндіріледі.

Қағаз және картон қалдықтарын қалпына келтіру — жаңа өнімдер (қағаз және картон, экожүн, құрылыс материалдары) өндіру үшін физикалық, химиялық және өзге әдістермен жүзеге асырылады;

Пластик қалдықтарын қалпына келтіру — технологиялық процестердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялар мен жабдықтарды қолдану арқылы мамандандырылған ұйымдарда жүргізіледі;

Шыны ыдыс қалдықтарын қалпына келтіру — қоршаған орта қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

ошыны ыдыс қалдықтарын қайта пайдалануға дайындау (сұрыптау, жуу, өңдеу);

омеханикалық және термиялық әдістер арқылы жаңа өнім (шыны жүн, шыны ыдыс, шыны талшық, плитка және т.б.) өндіру.

Қауіпті қалдықтарды заңды тұлғалардан бөлек жинау

Заңды тұлғалар да өздерінің қызметі барысында пайда болатын қауіпті қалдықтарды бөлек жинап, лицензиясы бар кәсіпорындарға тапсыруы тиіс. Кәсіпкерлермен ақпараттық жұмыс жүргізу және есеп жүргізу тетіктерін күшейту қажет.

Ас үй қалдықтары

Бөлек жиналған биологиялық ыдырайтын тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚҚ), негізінен тағамдық және органикалық қалдықтар, аэробтық немесе анаэробтық әдіспен өңделуі тиіс. Сондай-ақ бұл қалдықтарды сарқынды суларды тазарту станцияларының түнбасымен бірге өңдеу мүмкіндігі де қарастырылатын болады.

Бүгінгі таңда органикалық қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өңдеудің түрлі технологиялары бар, олардың ішінде биогаз өндіру, компосттау және басқа да әдістер қолданылады.

ТҚҚ-ның табиғи жолмен ыдырауына жататын әдістердің бірі — компосттау. Компосттау – қалдықтарды олардың табиғи биологиялық ыдырауына негізделген өңдеу технологиясы.

Органикалық қалдықтарды компосттау жеке үй шаруашылықтарында да, орталықтандырылған түрде де жүргізілуі мүмкін.

Жеке үй шаруашылықтарында компосттау қарапайым компост шұңқырларында немесе арнайы компосттау құрылғыларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Орталықтандырылған компосттау кезінде тұтынушылар органикалық қалдықтарды бөлек жинап, олар арнайы жабдықталған алаңдарға немесе силостық мұнараларға жеткізіледі, сол жерде компост салу процесі жүргізіледі. Кейіннен алынған компост ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне пайдаланылады. Сондай-ақ мекемелер мен ұйымдарда (мысалы, мектептерде) едәуір көлемде биологиялық ыдырайтын қалдықтар түзілген жағдайда және қосалқы шаруашылық болған кезде компосттау жеке тәртіпте жүргізілуі мүмкін.

Ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинау және тасымалдау

Әкімдік тұрғындардан ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинау үшін кемінде 12 м² алаңы бар арнайы орындар ұйымдастырады. Бұл қалдықтарды шығару тұрғындар мен кәсіпорындар есебінен немесе мамандандырылған компаниялар арқылы жүзеге асырылады. Қалдықтарды шығару бойынша мердігер компанияны таңдау мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізіледі.

4.4. Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көму шаралары

Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көму мақсатында келесі іс-шараларды орындау қажет:

— рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін анықтау және жою; — сұрыптаудан кейін қайта өңдеуге жатпайтын тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) көму;

— қалдықтарды залалсыздандыру мен рекультивациялаудың технологиясын әзірлеу. Қолданыстағы әдістеме келесі кезеңдерді қамтиды: үйінділердің қауіптілік дәрежесін анықтау, баламалы нұсқаларды бағалау, залалсыздандыру мен рекультивациялау технологиясын әзірлеу. Рұқсат етілмеген қоқыс орындарын рекультивациялау жөніндегі техникалық шешімдер, рекультивациядан кейінгі аумақты пайдалану мақсатына қарай қабылданады. Жаңа қоқыс үйінділерінің пайда болуын болдырмаудың басты шарасы — 2026 жылға дейін Жуалы ауданы халқын қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметімен 100% қамту және шағын және орта бизнес субъектілерімен қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу.

4.5. Халықты ақпараттандыру және мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейту шаралары.

Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін халықтың экологиялық сауаттылығын арттыру мен қоғамның белсенді қатысуы аса маңызды. Қоғамның хабардар болуын арттыру — тұрақты түрде жүргізілетін ұзақ мерзімді үдеріс. Жергілікті атқарушы органдар ақпараттандыру мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Олар қалдықтардың алдын алу, сұрыптау және қайта өңдеу бойынша бастамаларды қолдайды, тұрғындарға қолайлы жағдай жасайды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттық жұмыстар жүргізеді.

Жергілікті БАҚ-та қалдықтарды басқару саласындағы проблемалар мен оларды шешу жолдары туралы мақалалар жарияланады. Мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлері тұрғындармен экологиялық акциялар өткізіп, қалдықтарды үй жағдайында сұрыптау және оларды пластик, шыны, қағаз, картон түрлері бойынша бөлек жинау тәртібін түсіндіреді. Мұндай іс-шаралар контейнерлер орнатылған және орнатылмаған аумақтарда өткізіледі. Әр тұрғынға аралас қалдықтардың қоршаған орта мен денсаулыққа зияны туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Қалдықтарды сұрыптау жүйесі туралы түсіндірме парақшалар мен жадынамалар таратылады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары келесі топтарға бағытталады: — жалпы халық (жұмыс істейтін және істемейтін тұрғындар, үй шаруасындағы адамдар, зейнеткерлер, балалар);

— мұғалімдер, еріктілер, белсенділер және ҮЕҰ.

Халықты ақпараттандыру іс-шараларына мыналар кіреді: —жергілікті баспасөзде мақалалар жариялау;

— мектептер мен жоғары оқу орындарында қалдықтарды қайта пайдалану жөнінде материалдар тарату;

— тағам қалдықтарын үй жағдайында компост жасау бойынша брошюралар шығару; — оқушылар мен студенттерге арналған полигондарға танымдық сапарлар ұйымдастыру. Қалдықтарды өңдеу саласы жергілікті билік пен бизнес ынтымақтастығы арқылы дамиды. Осы мақсатта кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, қалдықтарды басқару, қайта өңдеу пункттерін ашу және контейнерлер орнату мәселелері талқыланады.

5. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Бағдарламада көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Іс-шаралар жоспары әзірленді (2-қосымшада көрсетілген). Іс-шаралар жоспары міндеттер мен көрсеткіштерге сәйкес топтастырылған, орындалу мерзімдері мен жауапты орындаушылар көрсетілген, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың үйлестірілген және кешенді жұмысын қамтамасыз етеді. Жоспардың түзетулері мониторинг нәтижелеріне және негізделген ұсыныстарға сәйкес қажет болған жағдайда енгізіледі. Егер мақсаттар мен көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкін болмаса, жаңа іс-шаралар айқындалып, туындаған мәселелер бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Мониторинг нәтижелері бойынша ТКШ ЖК және АЖ бөлімі келесі бағыттарда шешімдер қабылдайды:

1) Бағдарламада көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жоспарланған іс-шаралардың тиімділігін арттыру;

2) Мониторинг барысында анықталған проблемалық мәселелер бойынша шаралар қабылдау.

Бағдарламаның тапсырыс берушісі ретінде ТКШ ЖК және АЖ бөлімі келесі функцияларды орындайды:

— коммуналдық қалдықтарды басқару саласында бірыңғай кешенді тәсілді қалыптастыру және орындаушылардың іс-қимылын үйлестіру; — Жамбыл облысы әкімдігімен қаржыландыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жүргізу;

— коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару субъектілерімен, мемлекеттік мекемелермен және тұрғындармен өзара жұмыс жасау;

— мониторинг жүргізіп, оның нәтижелерін Қоғамдық кеңесте талқылау; — қажет болған жағдайда Бағдарламаға түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар дайындау; — іске асыру барысын тексеру жұмыстарына қатысу;

— Бағдарламаны және оның орындалу барысын Жуалы ауданы әкімдігінің ресми сайтында жариялау.

Бағдарламаның орындаушылары: облыс, қала және аудан әкімдіктері, коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу және көму субъектілері, мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік нысандар, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер және ҰЕҰ.

6. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МОНИТОРИНГІ.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі Бағдарламаның орындалуын бақылауды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі (ТКШ ЖК және АЖ) бөлімі жүзеге асырады. Бағдарламаның мониторингі Бағдарламаны іске асыру барысы туралы есепті қалыптастыру арқылы жүргізіледі. Аталған есепте іске асырылған іс-шаралардың сипаттамасы, қол жеткізілген нәтижелер, іс-шараларды орындауға бағытталған нақты қаржы көлемі, сондай-ақ орындалмаған іс-шаралардың себептері мен есепті кезеңге жоспарланған нәтижелердің болмау себептері баяндалады. Бағдарламаның мониторингі жылына бір рет, өткен жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі. Бағдарлама және оны іске асыру жөніндегі есептер қоғам үшін ашық қолжетімді интернет-ресурстарда орналастырылады.

7. Қажетті ресурстар.

Бағдарламаны және іс-шараларды қаржыландыру келесі көздер есебінен жүзеге асырылады:

- мемлекеттік және жергілікті бюджет қаражаттары;
- жеке инвестициялар; — өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) тетігі бойынша қаражат; — халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты; — екінші деңгейдегі банктердің кредиттері; — сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаржы көздері.

Ұсынылып отырған Бағдарламаны іске асыру және экологиялық іс-шараларды орындау шығындары ҚР Экологиялық Кодексінің 29-бабына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұл тетік іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілетін жылдың алдындағы үш жыл ішінде жергілікті бюджетке қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төленген төлемдердің кем емес көлеміндегі қаражатты пайдалануға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру бойынша ұсынылған іс-шаралар ҚР Экологиялық кодексінің 4-қосымшасында көзделген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін негізге ала отырып, Жамбыл облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі үш жылдық іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

Жоспар келесі бағыттарды қамтиды:

- қалдықтардың барлық түрлерін, соның ішінде иесіз қалдықтарды жинау, тасымалдау, залалсыздандыру, кәдеге жарату және қайта өңдеу технологияларын енгізу ;
- зауыттарды, цехтар мен өндірістік объектілерді салу және реконструкциялау, қажетті жабдықтарды сатып алу және пайдалану; — қалдықтардың барлық түрлерін

орналастыруға арналған полигон салу; — қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қайта өңдеу және көмуге арналған инфрақұрылымды дамыту;

— қайталама материалдық ресурстарды жинау және қайта өңдеу жүйесін кеңейту; — қалдықтар құрамынан пайдалы компоненттерді алу және оларды шикізат немесе дайын өнім түрінде қайта пайдалану (мысалы, байыту қалдықтары, күл-қоқыстар, металлургиялық шлактар, техногендік минералдық түзілімдер); — қалдықтардың түзілу және орналастыру көлемін барынша азайтуға бағытталған жабдықтар мен технологиялық процестерді жаңғырту және реконструкциялау.

8. Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер

Бағдарламаны іске асыру Жуалы ауданының экологиялық жағдайын жақсартуға коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны орындау нәтижесінде келесі түйінді нәтижелерге қол жеткізу жоспарлануда:

коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру;

коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметтерімен 100% қамтуды қамтамасыз ету;

тұрмыстық қалдықтарды көзінен бөлек жинау жүйесін енгізу;

қалдықтарды сұрыптау кешенін (қоқыс сұрыптау желісін) салу;

органикалық, ірі габаритті және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту;

Ауданның тұрғындарының коммуналдық қалдықтармен қауіпсіз әрі экологиялық тұрғыдан дұрыс жұмыс істеу туралы хабардарлығын және экологиялық мәдениетін арттыру.

Осы бағдарлама шеңберінде көзделген іс-шаралар кешенін іске асыру:

коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы қызметтердің сапасын арттыруға; қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеу көлемін ұлғайтуға;

қалдықтардың қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде, ауданның экологиялық көрсеткіштері жақсарып, халықтың тұрмыс сапасы мен өмір сүру жағдайлары айтарлықтай көтеріледі.

1 Қосымша

ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕРДІ АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ (2025–2029 ЖЫЛДАРҒА)

№		Нысаналы көрсеткіштерді		Негіздеме
---	--	-------------------------	--	-----------

	Нысаналы Көрсеткіштің атауы	қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері		Есептеу әдістемесінің сипаттамасы
1	Халықты ТҚҚ жинау және әкетумен қамту	Бағдарлама бекітілген сәттен бастап бір жыл өткен соң.	Көрсеткіш ҚР-ның "жасыл" экономикаға көшуі жөніндегі Тұжырымдамаға сәйкес келеді және ТҚҚ жинау және әкету жөніндегі қызметтерге қолжетімділігі бар халықтың үлесін айқындау үшін қажет.	Көрсеткіш ауданға қызмет көрсететін барлық қоқыс шығаратын ұйымдар шарт жасасқан тұрғындардың санын аудан халқының жалпы санына бөлу арқылы қалыптасады, нәтижені пайызбен көрсетеді. Жария шарттарға көшу кезінде көрсеткішті абоненттер санын (адамдар саны) берілген шоттарға сәйкес аудан халқының жалпы санына бөлу арқылы алуға болады.
2	Бөлек алыммен қамту (Халық немесе қала): - фракциялар бойынша - қалдықтардың жекелеген қауіпті түрлеріне (Медициналық және құрамында сынабы бар, ЭЭЖҚ)	Бағдарлама бекітілген сәттен бастап бір жыл өткен соң	Көрсеткіш "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасына сәйкес келеді.	Көрсеткіш жеке жиналған ТҚҚ құрғақ фракциясының (пластик, картон және қағаз қалдықтары, шыны, металл банкалар) санын тоннамен ТҚҚ (коммуналдық қалдықтар) түзілуінің жалпы санына тоннамен бөлу арқылы қалыптастырылады, нәтижені пайызбен көрсетеді. Қалдықтардың жекелеген қауіпті түрлері бойынша көрсеткіш, сондай-ақ бөлек жиналған қауіпті қалдықтардың (ҚСБҚ, ЭЭЖҚ және

				медициналық) мөлшерін ТҚҚ морфологиялық құрамын негізге ала отырып, нәтижені пайызбен көрсете отырып, қауіпті қалдықтардың түзілуінің жалпы есептік көлеміне бөлу жолымен қалыптасады.
3	ТҚҚ қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін (пайда болу көлемінен)	Бағдарлама бекітілген сәттен бастап бір жыл өткен соң.	Көрсеткіш ҚР-ның "жасыл"экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамаға және "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасына сәйкес келеді.	Көрсеткіш ауданын барлық қайта өңделген және қайталама пайдаланылған қатты тұрмыстық қалдықтарының (коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін қоса алғанда), оның ішінде ҚСҚ немесе полигонда сұрыпталған бөлек жиналған қалдықтардың және экспортқа бағытталған қайталама ресурстардың санын ауданда пайда болған барлық қатты тұрмыстық қалдықтардың (коммуналдық қалдықтардың) жалпы санына бөлу арқылы алынады, нәтижені пайызбен көрсетеді.
4	ТҚҚ жинау және әкету жөніндегі қызметтерге халықтың қанағаттану деңгейі (сауалнама)	Бағдарлама бекітілген сәттен бастап бір жыл өткен соң.	Көрсеткіш Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына сәйкес келеді	Көрсеткіш тұрғындардың ауданда ТҚҚ жинау және әкету жөніндегі қызметтерге қанағаттануы туралы жыл сайынғы әлеуметтік сауалнама (онлайн немесе офлайн)

				жүргізу нәтижесінде алынады.
--	--	--	--	------------------------------------

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

2 Қосымша

№п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушы	Қаржыландыру
1	2	3	4	5	6
Мақсаты-Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және ауданның тұрғындары үшін қалдықтарды жинау және шығару бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру					
1-міндет. Аудан тұрғындарын қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі қызметтермен толық қамтуды қамтамасыз ету үшін коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту					
Көрсеткіш 1. Жуалы ауданының тұрғындарынТҚҚ жинау және әкетумен қамту					
1.1	Дербес деректерді бермей ҚШМ үшін халықты тіркеу туралы мәліметтерге қол жеткізуді ұсыну	Ақпарат	2025	Аудан әкімдігі, ҚШМ	Қажет емес
1.2	ТҚҚ шығару қызметтері бойынша халықпен жария шарттар жасасуға көшу	Ақпарат	2025	Аудан әкімдігі, ҚШМ	Қажет емес
1.3	Контейнерлер паркін жаңарту, соның ішінде жеке секторға контейнерлерді орнату: қажеттілігіне қарай.	Есеп	Жыл сайын	Аудан әкімдігі, ҚШМ	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
1.4	Контейнерлік алаңдарды жөндеу және оларды санитарлық нормалар мен заңнама талаптарына сәйкестендіру: қажеттілігіне қарай.	Есеп	Жыл сайын	Аудан әкімдігі	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
1.5	Контейнерлік алаңдарды бейнебақылау камераларымен	Есеп	2026-2028	Аудан әкімдігі	

	т о л ы қ жарақтандыру				Жергілікті бюджет
1.6	Контейнерлік алаңдардың іргелес аумағында автокөлікті тоқтатуға және тұрақтауға тыйым салатын арнайы белгілерді орнату	Есеп	2026	Аудан әкімдігі Аудандық полиция бөлімі	Бөлінген бюджет шеңберінде
1.7	ТҚҚ уақытылы шығарылуын қамтамасыз ету үшін қоқыс таситын көліктерді жаңарту және сатып алу (2-3 бірлік)	Есеп	2026-2028	ҚШМ	ҚШМ қаражаты, жеке инвестициялар, МЖӘ
1.8	Қоқыс таситын көліктерді " " Қазақстан Республикасын ың қоршаған ортасы мен табиғи ресурстарының жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкi " ақпараттық жүйесіне қосылған спутниктік навигациялық жүйелермен жарақтандыру және осы жүйелерді тұрақты жұмыс жағдайында ұстау	Есеп	2025-2028	ҚШМ	ҚШМ қаражаты
	Тұрғын үйлерде немесе жеке тұрған ғимараттарда (егер контейнерлер болмаса) қызметті жүзеге				

1.9	асыратын заңды тұлғалармен осы учаскелерге қызмет көрсету үшін ЖАО айқындаған ҚШМ-мен ТҚҚ жинау және әкету жөніндегі қызметтерге шарттар жасасу бойынша хабардар ету науқаны.	Есеп (ЗТ және ЖК үшін хаттар жіберілді)	2025	Аудан әкімдігі, ҚШМ,	Қажет емес
1.10	Қалдықтар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін түскен қаражатты жергілікті бюджетке жіберуді қамтамасыз ету мақсатында ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде тиісті мекемелерге ұсыныстар енгізу	Тиісті мекемелерге ұсыныстар	2026	Аудан әкімдігі,	Қажет емес
2-міндет. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру					
Көрсеткіш 2. Бөлек алыммен қамту - фракциялар бойынша құрғақ және дымқыл; - қалдықтардың жекелеген қауіпті түрлеріне (Медициналық және құрамында сынабы бар, электрондық және тұрмыстық техника)					
2.1	Заңды және жеке тұлғалардан бөлек алым бойынша талаптарды белгілеу мақсатында Жуалы ауданындағы аумақтарын абаттандыру қағидаларына	Жаңартылған Ережелер	2025	Аудан әкімдігінің ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі,	Қажет емес

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу				
2.2	ТҚҚ құрғақ фракциясын бөлек жинауға арналған арнайы контейнерлерді орнату	Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігінің, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
2.3	Қалдықтардың қауіпті түрлерін: ҚСБҚ, электронды және электр жабдығының қалдықтарын, құрамында сынап бар энергия үнемдейтін шамдарды және халықта түзілетін химиялық коректендіру көздерін, аккумуляторларды, медициналық қалдықтарды бөлек жинауды, тасымалдауды және қайта өңдеуді қамтамасыз ету үшін мердігер ұйымды айқындау жөніндегі конкурсты ұйымдастыру	Конкурс қорытындысы, мердігер компаниялар анықталады	2026-2027	Аудан әкімдігінің, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
	Батареялар, құрамында сынап бар шамдар, электрондық және электр жабдықтары, қоғамдық орындардағы медициналық қалдықтар (сауда				

2.4	орталықтары, п о ш т а бөлімшелері, Халыққа қызмет көрсету орталықтары және т. б.) сияқты қауіпті тұрмыстық қалдықтарды жинайтын стационарлық пункттерді/ пункттерді ұйымдастыру	Есеп, қабылдау пункттері белгіленеді	2026-2028	А у д а н әкімдігінің, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, мердігер мекеме	Жергілікті бюджет
2.5	Заңнама талаптарына сәйкес келетін және Жуалы ауданындағы Мемлекеттік мекемелерге, бюджеттік ұйымдарға және басқа да заңды тұлғаларға қауіпті қалдықтардың жекелеген түрлерін жинау, тасымалдау және қайта өңдеу бойынша қызметтер көрсете алатын коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін жинау, тасымалдау және қалпына келтіру жөніндегі мамандандырыл ғ а н кәсіпорындарды талдау және айқындау.	Есеп	2026	А у д а н әкімдігінің, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі	Қажет емес
	Мамандандыры л ғ а н кәсіпорындарға қайта өңдеуге беру үшін				

2.6	қайталама шикізатты (пластик, қағаз және картон, шыны және т. б.) бөлек жинауды енгізу қажеттілігі мәселесі бойынша аудандық әлеуметтік сала мекемелерімен (мектептер, балабақшалар, және т. б.), кәсіпорындармен, шағын және орта бизнеспен профилактикалық жұмыс	Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігінің ТКШ ЖК АЖ бөлімі	Қажет емес
2.7	Халықты "қажетсізден құтыл" пайдаланылған электрондық және электр жабдықтарынан құтқару бойынша тұрақты акция (жарты жылдықта 1 рет) өткізу	Өткізілген науқандар туралы есеп	2025-2029	Аудан әкімдігінің, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, арнайы мекемелер	Қажет емес
3-міндет. Коммуналдық қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту, оның ішінде ерекше (тамақ, Құрылыс және ірі габаритті қалдықтар, ЭЕҰ және т. б.)					
3 Көрсеткіш. Қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі: - ТҚҚ (білім көлемінен)					
3.1	ҚСК салу және іске қосу	пайдалануға беру актісі	2026-2028	Аудан әкімдігінің, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
3.2	Халықтан ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинауға арналған арнайы орындарды анықтау	Ақпарат	2026	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі	Қажет емес

3.3	Ірі габаритті және құрылыс қалдықтарын жинау және әкету жөніндегі ұйымды айқындау жөніндегі конкурсты ұйымдастыру	Конкурс қорытындысы бойынша	2026	Аудан әкімдігі ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, мердігер мекеме	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
3.4	Ірі габаритті және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу бойынша қолданыстағы технологияларды талдау	Есеп	2026-2029	Аудан әкімдігі ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, мердігер мекеме	Қажет емес
3.5	Аудандық әлеуметтік сала мекемелерінен (мектептер, балабақшалар, және т. б.), кәсіпорындардан, шағын және орта бизнестен құрамындасынатын бар қалдықтарды жинау және залалсыздандыру	Жасалған шарттар туралы ақпарат	2025-2029	Конкурс қорытындысы бойынша таңдалған мердігер мекеме	Қажет емес
3.6	Аудандық әлеуметтік сала мекемелерінен (мектептер, балабақшалар, және т. б.), кәсіпорындардан, шағын және орта бизнестен электрондық және электр жабдығының қалдықтарын жинау және залалсыздандыру	Жасалған шарттар туралы ақпарат	2025-2029	мердігер мекеме	Қажет емес
	Қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша				

3.7	статистикалық және ведомстволық есептілікті ұсыну мәселесі бойынша қалдықтармен жұмыс істеу бойынша мамандандырылған кәсіпорындармен профилактикалық жұмыс	Есеп	2025	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі	Қажет емес
4 Міндет. Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету					
4 Көрсеткіш. Экологиялық талаптарға сәйкес полигонмен ТҚҚ тастау орындарын жабу және рекультивациялау					
4.1	Қабылдауды, сұрыптауды қамтитын полигондағы сұрыптау желісін пайдалануға енгізу.	Есеп	2025	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі Полигон операторы	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет, жеке инвестициялар
4.2	Қалдықтарды жіктеу негізінде полигонға қабылдаудың бірыңғай рәсімін әзірлеу	Бекітілген рәсім		Полигон операторы	Қажет емес
4.3	Полигонның қоқыс газы мен фильтрат шығарындыларын бақылау	Есеп	2025-2029	Полигон операторы	Полигон тарату қоры
4.4	Полигонмен ТҚҚ тастау орындарына тарату, жою қорын құру	Есеп	2025-2029	Полигон операторы	Қажет емес
4.5	Жұалы ауданындағы коммуналдық және құрылыс қалдықтарының санкцияланбаған үйінділерін стихиялық	(Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті

	үйінділерін) анықтау және жою				бюджет, жеке инвестициялар
5 Міндет. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша халықтың хабардарлығы мен мәдениетін арттыру және барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейту					
5 Көрсеткіш. Халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейі					
5.1	ТҚҚ мәселесіне жұртшылықтың назарын аударуға бағытталған әлеуметтік жарнаманы құру, орналастыру және тарату	Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҰЕҰ	Жергілікті бюджет
5.2	Қалдықтарды (пластик, картон және қағаз қалдықтары, шыны) қабылдаудың ұйымдастырылған пункттері туралы халықты хабардар етуді қамтамасыз ету	Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҰЕҰ	Қажет емес
5.3	Әлеуметтік желілерде, әкімдік сайтында, навигациялық жүйелерде ақпарат тарату жолымен коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктері (ҚСБҚ, ЭЭЖҚ, медициналық) туралы халықты хабардар етуді және олармен қауіпсіз жұмыс істеуді насихаттауды қамтамасыз ету	Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҰЕҰ	Қажет емес
	Жергілікті газеттерде коммуналдық қалдықтардың қауіпті				

5.4	компоненттерім ен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдері туралы жарияланымдар	Ақпарат	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ,	Жергілікті бюджет
5.5	Халықты ІКҚ және құрылыс қалдықтарын жинау үшін халық үшін ұйымдастырылғ ан арнайы орындар туралы хабардар ету	Ақпарат	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ,	Қажет емес
5.6	Мектептерде, колледждерде және т. б. тарату ү ш і н материалдық ресурстарды екінші рет пайдалану туралы ақпараттық материалдарды дайындау.	Есеп	2025-2029	ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҰЕҰ, Аудан әкімдігі	Жергілікті бюджет
5.7	Т а м а қ қалдықтарын компосттау туралы брошюраларды тарату	Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҰЕҰ	Жергілікті бюджет
5.8	Оқушылармен, педагогикалық құраммен және техникалық персоналмен тұрақты жұмысты қамтитын білім б е р у ұйымдарымен ТҚҚ-мен жұмыс істеу бойынша ақпараттық жұмыс жоспарын әзірлеу және іске асыру	Жоспарды әзірлеу туралы ақпарат және оны аудандық әкімдіктерге іске асыру туралы есептер	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҰЕҰ	Қажет емес
	Оқушылар мен студенттерге арналған ТҚҚ және ҚСК				

5.9	полигонына (іске қосылғаннан кейін) таныстыру сапарлары (жылына кемінде 10 экскурсия)	Есеп, сапарлар	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҮЕҰ	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
5.10	Үйде қалдықтарды сұрыптау және пластик, шыны және макулатураға арналған контейнерлерге бөлек сақтау тәртібін түсіндіретін мектептердегі экологиялық акциялар	Есеп, Науқандар	2025-2029	Аудан әкімдігі, ТҮКШ ЖК АЖ бөлімі, ҚШМ, ҮЕҰ	ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде жергілікті бюджет
5.11	Халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында жыл сайынғы әлеуметтік сауалнама жүргізу	Есеп, сауалнама	2025-2029	Аудан әкімдігі, ҚШМ, ҮЕҰ	Қажет емес
5.12	Аудандағы қалдықтармен жұмыс істеу қызметін насихаттау және қоғамдық бақылау мақсатында мектептерде волонтерлік клубтар құру	Есеп	2025-2029	Аудан әкімдігі, ҚШМ, ҮЕҰ	Қажет емес